


Духовка қызады.

Духовка шкафын өшіру

Функциялар ауыстырып-қосқышын нөл күйіне орнатыңыз.

Реттеулерді өзгерту

Қажет болса, қыздыру түрін, температураны және гриль деңгейін таңдауға болады.

Тез қыздыру

Тез қыздыру режимінде духовка шкафы орнатылған температураға дейін әсіресе тез қызады.

Бұл режимді духовка шкафы орнатылған температурада 100 °C аса қыздырылуы керек болса пайдаланыңыз.

Оңтайлы әзірлеу нәтижесін алу үшін тамақты жұмыс камерасына тек тез қыздыру режимі аяқталғаннан кейін қойыңыз.

1. Функциялар ауыстырып-қосқышын  орнатыңыз.

2. Температура реттегішінің көмегімен температураны орнатыңыз.

Бірнеше минуттан кейін духовка қыза бастайды. Температура ауыстырып-қосқышының үстінде индикатор шам жанады.

Тез қыздыруды аяқтау

Температура ауыстырып-қосқышының үстінде индикатор шам өшеді. Тамақты духовкаға салыңыз және қажет қыздыру түрін орнатыңыз.

Тез қыздыруды болдырмау

Функциялар ауыстырып-қосқышын нөлге орнатыңыз. Духовка шкафы өшіріледі.

Уақыт қызметтерін орнату

Пешіңізде түрлі уақыт қызметтері бар. ⌚ пернесімен мәзірді шақырып қызметтерді ауыстыру мүмкін. Орнату мүмкіндігі барынша барлық уақыт белгілері жанады. ► көрсеткісі сізге қайсы уақыт қызметінде тұруыңызды көрсетеді. Орнатылған уақыт қызметін тікелей + немесе — пернесімен өзгерту мүмкін, егер уақыт белгісі алдында ► көрсеткісі тұрса.

Сигнал

Сигналды асхана сигналыдай пайдалану мүмкін. Ол пештке байланыссыз істейді. Сигналда өз дауысы бар. Сигнал немесе ұзақтық дауысын ажырату мүмкін.

1. ⌚ пернесін бір рет басыңыз.

Дисплейде уақыт белгілері жанып ► көрсеткісі 🔔 алдында тұрады.

2. + немесе — пернелерімен сигнал уақытын реттеңіз.

+ пернесі үшін 10 минут ұсынылады

— пернесі үшін 5 минут ұсынылады

Бірнеше секундтан соң реттелген уақыт қабылданады. Сигнал қызметін бастайды. Дисплейде ► 🔔 белгісі жанып сигнал уақыты байқаулы азаяды. Басқа уақыт белгілері жойылады.

Сигнал ауқыты өтті

Дыбыстық сигнал шығады. Дисплейде 0:00 болады. ⌚ пернесін басып сигналды өшіріңіз.

Оятқыш уақытын өзгерту

+ немесе — түймесінің көмегімен оятқыш уақытын өзгертіңіз.

Бірнеше секундтан кейін өзгерту қабылданады.

Сигнал уақытын жою

— пернесімен сигнал уақытын 0:00 шейін қайтарыңыз. бірнеше секундтан соң өзгерту қабылданады. Сигнал өшіріледі.

Уақыт орнатпаларын сұрау

Бірнеше уақыт қызметтері орнатылған болса дисплейде тиісті белгі жанады. Уақыт белгісінің алдында ► көрсеткісі тұрады.

Сигнал 🔔, ұзақтық I→I, аяқтау уақытын →I немесе уақытты ⌚ сұрау үшін, ⌚ пернесін I ► көрсеткісі қажетті белгі алдында тұрмайынша басыңыз. Көлемі бірнеше секундтан соң дисплейде көрсетіледі.

Ұзақтығы

Пештегі тағамның пісу аралық уақытын өзіңіз орната аласыз. Аралық уақыт біткен соң, пеш автоматты түрде өшеді. Осылай Сіз басқа жұмыстарыңызды жасай бересіз, пешті сөндіруге әуреленіп жатпайсыз. Пісу уақытын орнатуды байқамай жіберіп алмаңыз.


Суреттегі мысал: ұзақтығы 45 минут.

1. Қызметті таңдау арқылы, қызу түрін орнату.

2. Температурасын таңдау арқылы температураны немесе грильде пісіру деңгейін орнату.

3. ⌚ пернесін екі рет басыңыз.


Көрсеткіш алаңында 0:00 делінген. Уақыт таңбалары жанып тұр, ► көрсеткісі, I→I таңбасы алдында тұр.



4. + немесе — пернесі арқылы аралық уақытты орнату.

+ пернесі үшін ұсынылған мән = 30 мин.

— пернесі үшін ұсынылған мән = 10 мин.



Пеш бірнеше секундтан соң жұмыс істей бастайды. Көрсеткіш бетінде аралық уақыт, көзге көріне отырып жүреді және ►I→I таңбасы жанады. Басқа уақыт таңбалары өшеді.

Ұзақтығы аяқталды

Дыбыстық сигнал шығады. Пеш қызытуды тоқтатады. Дисплейде 0:00 болады. ⌚ пернесін басыңыз. + немесе — пернелерімен ұзақтықты қайта орнату мүмкін. Немесе ⌚ екі рет бас ып қызмет реттеушісін нольге бұраңыз. Пеш өшірілген.

Ұзақтығын өзгерту

+ немесе — пернелерімен ұзақтықты өзгертіңіз. Бірнеше секундтан соң өзгерту қабылданады. Сигнал орнатылғаннан соң алдымен ⌚ пернесін басыңыз.

Ұзақтығын жою

— пернесімен ұзақтықты 0:00 қайтарыңыз. Бірнеше секундтан соң өзгерту қабылданады. Ұзақтығы жойылады. Сигнал орнатылғаннан соң алдымен ⌚ пернесін басыңыз.

Уақыт орнатпаларын сұрау

Бірнеше уақыт қызметтері орнатылған болса дисплейде тиісті белгі жанады. Уақыт белгісінің алдында ► көрсеткісі тұрады.

Сигнал 🔔, ұзақтық I→I, аяқтау уақытын →I немесе уақытты ⌚ сұрау үшін, ⌚ пернесін I ► көрсеткісі қажетті белгі алдында тұрмайынша басыңыз. Көлемі бірнеше секундтан соң дисплейде көрсетіледі.


Бағдарламаның аяқталатын уақыты

Тамақ пісетін уақытты жылжыту мүмкін. Пеш автоматт іске қосылып керекті уақытта дайын болады. Мысалы, таңертен тамақты пісіру камерасына салып түсте дайын болуын реттеу мүмкін.


Азық-түліктер пісіру камерасында ұзақ тұрып бұзылмауына көз жеткізіңіз.

Суреттегі мысал: сағат 10:30, пісіру ұзақтығы 45 минут болып пеш сағат 12:30 өшеді.

1. Функция таңдаушысын реттеу.
2. Температура реттеушісіне реттеу.
3. ⌚ пернесін екі рет басыңыз.
4. + немесе — пернесі арқылы аралық уақытты орнату.
5. ⌚ пернесін басыңыз.
 - ▶ көрсеткісі →I таңбасы алдында тұр. Тамақ пісетін сағаттық уақыт пайда болады.



6. + немесе — пернесімен аяқтау уақытын кешке жылжытыңыз.



Бірнеше секундтан соң пеш параметрлерді қабылдап күту күйіне өтеді. Көрсеткіште тамақ пісетін сағаттық уақыт жанады, ▶ көрсеткісі →I таңба алдында тұрады. ⌚ пен ⌚ таңбалары жойылады. Пеш іске қосылғанда уақыт кете бастап I→I таңбасы алдында, ▶ көрсеткісі тұрады. →I белгісі өшеді.

Ұзақтығы аяқталды

Дыбыстық сигнал шығады. Пеш қызытуды тоқтатады. Дисплейде 0:00 болады. ⌚ пернесін басыңыз. + немесе — пернелерімен ұзақтықты қайта орнату мүмкін. Немесе ⌚ екі рет бас ып қызмет реттеушісін нольге бұраңыз. Пеш өшірілген.

Аяқтау уақытын өзгерту

+ немесе — пернелерімен аяқтау уақытын өзгерту. Бірнеше секундтан соң өзгерту қабылданады. Сигнал орнатылғаннан соң алдымен ⌚ пернесін екі рет басыңыз. Ұзақтық ада болып тұрса аяқтау уақытын өзгертпеңіз. Әйтпесе пісу нәтижесі дұрыс болмайды.

Аяқтау уақытын өшіру

— пернесімен аяқтау уақытын қазіргі сағат уақытына өзгертіңіз. Бірнеше секундтан соң өзгерту қабылданады. Пеш қызметін бастайды. Сигнал орнатылғаннан соң алдымен ⌚ пернесін екі рет басыңыз.

Уақыт орнатпаларын сұрау

Бірнеше уақыт қызметтері орнатылған болса дисплейде тиісті белгі жанады. Уақыт белгісінің алдында ▶ көрсеткісі тұрады.

Сигнал ⌚, ұзақтық I→I, аяқтау уақытын →I немесе уақытты ⌚ сұрау үшін, ⌚ пернесін I ▶ көрсеткісі қажетті белгі алдында тұрмайынша басыңыз. Көлемі бірнеше секундтан соң дисплейде көрсетіледі.

Уақыт

Қосылғаннан немесе тоқ өшкеннен соң дисплейде ⌚ белгісімен үш ноль көрсетіледі. Уақытты орнатыңыз.

1. ⌚ пернесін басыңыз.

Дисплейде уақыт 12:00 болады. Уақыт белгілері жанып, ▶ көрсеткісі ⌚ алдында тұрады.

2. + немесе — пернелерімен уақытты реттеңіз.

Бірнеше секундтан соң реттелген уақыт қабылданады.

Уақытты өзгерту

Басқа уақыт қызметін орнату орнату мүмкін емес.

1. ⌚ пернесін төрт рет басыңыз.

Дисплейде уақыт белгілері жанып ▶ көрсеткісі ⌚ алдында тұрады.

2. + немесе — пернелерімен уақытты өзгертіңіз.

Бірнеше секундтан соң реттелген уақыт қабылданады.

Сағат индикациясын өшіру

Сағат индикациясын өшіруге болады. Бұл туралы Негізгі реттеулерді өзгерту тараудан қараңыз.

Балалардан сақтау жүйесі

Балалар, пешті абайсызда өшіріп қоймас үшін, балаларан сақтау жүйесі орнатылған.

Пеш орнатулары ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Дабыл мен уақытын балалардан сақтау жүйесіне орнатуыңызға болады.

Егер қыздыру түрі мен температура немесе грильдеу басқышы реттелген болса қыздыру бала қауіпсіздігі функциясы арқылы тоқтатылады.

Нұсқау: Мүмкін жалғасқан пісіру панеліне пештегі балалардан сақтау жүйесі әсер етпейді.

Балаларан сақтау қызметін қосу

Ұзақтықты немесе аяқтау уақытын реттеу мүмкін емес.

—O пернесін шам. төрт сек. ұзақ басу керек.

Көрсеткіш бетінде —O таңбасы пайда болады. Балаларан сақтау қызметі қосылды.

Балалардан сақтау жүйесін өшіру

—O пернесін шам. төрт сек. басу керек.

—O таңбасы көрсеткіш бетінен өшеді. Балалардан сақтау қызметі сөндірілді.

Негізгі параметрлерді өзгерту

Бұл духовканың әр түрлі негізгі параметрлері бар. Параметрлерді пайдаланушының қажеттіліктеріне сай бейімдеуге болады.

Негізгі параметрлер	Таңдау 1	Таңдау2	Таңдау 3
с 1 Уақыт индикаторы	әрқашан*	тек түйме көмегімен ⌚	-
с 2 Әзірлеу уақыты немесе таймерде орнатылған уақыт өткеннен кейінгі сигналдың ұзақтығы	шамамен 10 секунд	шамамен 2 минут*	шамамен 5 минут
с 3 Параметр қолданылуға дейінгі уақыт	шамамен 2 секунд	шамамен 5 секунд*	шамамен 10 секунд

* Әдепкі параметр

Басқа уақыт функциясын бағдарламалау мүмкін емес.

- ⌚ түймесін шамамен 4 секунд бойы басыңыз.
Дисплей тақтасы уақыт үшін ағымдағы негізгі параметрді көрсетеді, мысалы, 1 таңдауы үшін **с 1**.
- Негізгі параметрді **+** немесе **—** түймелерін пайдаланып орнатыңыз.
- ⌚ түймесінің көмегімен растаңыз.
Дисплей тақтасы келесі негізгі параметрді көрсетеді.
⌚ түймесін пайдаланып деңгейлерді таңдаңыз және **+** немесе **—** түймелерін пайдаланып параметрді орнатыңыз.
- ⌚ түймесін шамамен 4 секунд бойы басыңыз.

Барлық негізгі параметрлер қолданылады.

Негізгі параметрлерді кез келген уақытта қайтадан өзгертуге болады.

Күту және тазалау

Мұқият күтсе және тазаласа, духовка шкафы ұзақ уақыт бойы жылтырын және функционалдылығын сақтайды. Духовка шкафын дұрыс күту туралы осында білесіз.

Нұсқаулар

- Шыны, пластик және металл сияқты әр түрлі материалдар пайдаланылғандықтан, духовка шкафының алдыңғы панелінің түсінде азғантай айырмашылықтар болуы мүмкін.
- Есік шынысындағы су іздері сияқты болып көрінетін көлеңкелер духовка шкафындағы шамнан шағылысқан жарықтан болады.
- Өте жоғары температураларда эмаль жанып кетуі мүмкін. Осының салдарынан эмаль түсінде азғантай айырмашылықтар болуы мүмкін. Бұл қалыпты және қызмет етуге әсер етпейді. Жұқа табаның жиектері эмальмен толығымен жабылмаған. Сондықтан олар қатпарлы болады. Бұл коррозиядан қорғанышқа әсер етпейді.

Жуғыш заттар

Беттер дұрыс емес тазалау заттармен зақымдалмауы үшін келесі ақпаратқа назар аударыңыз.

Духовканы тазалағанда

- агрессивті немесе абразивті тазалағыш заттар
- құрамында спирт көп ешбір жуғыш заттарды,
- ешбір қырғыштарды,
- ешбір қысымы жоғары тазалағыштарды немесе бу тазалағыштарын пайдалануға болмайды.
- Жекелеген элементтерді ыдыс жуу машинасында тазаламаңыз.

Бірінші рет пайдаланбай тұрып жаңа губкаларды мұқият жуыңыз.

Басқару панелі	Ыстық сілті ерітіндісі: Жуатын шүберекпен тазалап жұмсақ шүберекпен кептіріңіз. Ешқандай шыны тазалайтын құралмен, металлды қырғышпен тазалауға болмайды.
-----------------------	---

Тот баспайтын болаттық аймақтар	Жылы сілті ертіндісі және жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тот баспайтын болаттық аймақтарды әрдайым табиғи текстураға сәйкес ретте сүртіңіз. Әйтпесе сызат пайда болуы мүмкін. Жұмсақ шүберекпен кептіріңіз. Қақ, май, крахмал, жұмыртқа қалдықтарын дереу тазалаңыз. Ешқандай ысқылау құралдарын, тырнайтын губкаларды немесе дөрекі тазалау шүберектерін пайдаланбаңыз. Тот баспайтын болаттық бетін арнайы күту құралдарымен жылтыратыңыз. Шығарушы нұсқауларын орындаңыз. Қызмет көрсету немесе арнайы сауда дүкендерінде болат тазалау құралдары бар.
Эмальдалған және лакталған беттер	Жылы сілті ертіндісі және шүберекпен сүртіңіз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.
Бұрама түймешелер	Жылы сілті ертіндісі және шүберекпен сүртіңіз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.
Әйнек	Әйнек тазартқышпен тазалаңыз. Ешқандай агрессивті тазалау құралдарын немесе өткір метал заттарды пайдаланыңыз. Олар әйнектің бетін қырып зақымдауы мүмкін.
Герметизация	Жылы ылғалды шүберекпен сүртіңіз. Жұмсақ шүберекпен кептіріңіз.
Пеш түбі, қақпағы және жан қабырғалары	Жылы сілті ерітіндісі немесе сірке суы. Қатты ластану жағдайында: пеш тазалау құралын тек салқындаған беттерде пайдаланыңыз. Ешқашан артқы қабырғаға салмаңыз.
Пеш шамының әйнекті каптамасы	Жылы сілті ертіндісі және шүберекпен сүртіңіз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.
Жабдықтар	Жылы сілті ерітіндісімен жұмсатыңыз. Щетка немесе губкамен тазалаңыз.

Алюминий пісіру табасы (опциялық)

Ыдыс жуатын машинада тазаламаңыз. Ешқашан пеш тазалау құралын пайдаланбаңыз. Сызаттардың алдын алу үшін метал беттерді ешқашан пышақ немесе ол сияқты өткір заттармен тимеңіз. Аз тазалау құралымен және ылғалды шыны тазалау шүберегімен немесе микроталшықты шүберекпен және қатты баспай тазалаңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғақ сүртіңіз. Ешқандай ысқылау құралдарын, тырнайтын губкаларды немесе дәрекі тазалау шүберектерін пайдаланбаңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғақ сүртіңіз. Ешқандай ысқылау құралдарын, тырнайтын губкаларды немесе дәрекі тазалау шүберектерін пайдаланбаңыз. Әйтпесе сызат пайда болуы мүмкін.

Балалардан сақтау жүйесі (опциялық)

Егер бала қауіпсіздігі құралы пеш есігінде орнатылған болса, оны тазалаудан алдын алып қою керек. Барлық пластмасса бөліктерді жылы сілті ерітіндісінде жұмсатып жуатын губкамен жуыңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз. Қатты ластану жағдайында бала қауіпсіздігі құралы дұрыс жұмыс істемейді.

Пісіру панелі



Күту мен тазалау нұсқауларын пісіру панелінің пайдалану нұсқаулығында табуға болады.

⚠ Жарақат алу қаупі бар!

Топсалар бұғатталмаса, есік тез жабылуы мүмкін. Орнату интiрeктерi толығымен орнатылған болуын, ал есікті алғанда толығымен қайырылған болуын қадағалаңыз.

Есікті алу



1. Духовка шкафының есігін толығымен алыңыз.
2. Оң жақтағы және сол жақтағы бұғаттау интiрeктерiнiң eкeуiн де қайырыңыз (А суреті).
3. Духовка шкафының есігін соңына дейін жабыңыз. Оны екі қолмен сол жақтан және оң жақтан ұстаңыз. Тағы біраз жауып, есікті шығарыңыз (В суреті).




Есікті орнату

Есікті алуға кері ретпен орнатыңыз.

1. Духовка шкафының есігін топсалардың екеуі де тесіктерге тура қарама-қарсы орналасатындай орнатыңыз (А суреті).
2. Топсадағы саңылауды екі жағынан бекіту керек (В суреті).



3. Бұғаттау интiрeктерiнiң eкeуiн де жабыңыз (С суреті). Духовка шкафының есігін жабыңыз.



⚠ Жарақат алу қаупі бар!

Духовка шкафының есігі түсіп қалса немесе топса сыналанып қалса, топсаға тимеңіз. Сервистік қызметке хабарласыңыз.

Өздігінен тазаланатын духовка беттерін тазалау

Артқы қабырға өздігінен тазаланатын керамикамен жабылған. Пісіру және қуыру кезіндегі шашырандыларды осы қабат сіңіреді және духовканы тазалау кезінде тазалайды. Температура неғұрлым жоғары болса, духовка неғұрлым ұзақ жұмыс істесе, нәтиже соғұрлым жақсырақ болады.

Егер кір тіпті қайтадан жұмыс істеуден кейін де көрініп тұрса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Алдымен духовкадағы эмальдалған беттерді тазалаңыз.
2. Содан кейін 3D ыстық ауа  немесе жоғарғы және төменгі қызу  режимін орнатыңыз.
3. Бос духовканы ең жоғары температурада шамамен 2 сағат бойы қыздырыңыз.

Керамикалық жабын қалпына келеді. Содан кейін қоңыр және қара қалдықтарды сумен және жұмсақ губкамен кетіруге болады.

Жабын түсіндегі азғантай айырмашылықтар өздігінен тазалау функциясына әсер етпейді.



Назар аударыңыз!

- Ешқашан абразивті тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Беттердің уақ тесіктері бар бетіне сызат түсіруіңіз немесе зақымдауыңыз мүмкін.
- Өздігінен тазаланатын беттерде духовкалар тазалағыштарын қолданбаңыз. Духовкалар тазалағышы бұл беттерге кездейсоқ тисе, оны губкамен және судың көп мөлшерімен сүртіңіз.

Духовка шкафының есігін алу және орнату

Тазалау және демонтаждау үшін духовка шкафының есігін алуға болады.

Есіктің әр топсасы бұғаттау интiрeгiмeн жабдықталған. Бұғаттау интiрeктерi орнатулы кезде (А суреті), духовка шкафының есігі бұғаттаулы болады. Оны алу мүмкін емес. Бұғаттау интiрeктерiн қайырса (В суреті), топсалар бұғатталады. Есікті жабу мүмкін емес болады.




Есік әйнектерін шығару және орнату

Дұрыс тазалау үшін пеш есігіндегі әйнектерді шешу мүмкін.

Ажырату

1. Пеш есігін шешу. Ол үшін төмендегі бөлімді қараңыз Пеш есігін шешу. Пеш есігін тұтқасымен төменге шүберекке қойыңыз.
2. Пеш есігінің жоғарысындағы қаптаманы алып қойыңыз. Ол үшін бармақтармен солға және оңға басыңыз. Қаптаманы шығарыңыз (А суреті).
3. Жоғарыдағы әйнекті көтеріп шығарыңыз (В суреті).




Әйнектерді әйнек тазартқышы мен жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

⚠ Жарақат алу қаупі бар!

Құрылғы есігінің сызат түскен шынысы сынуы мүмкін. Шыныға арналған қырғышты, күшті немесе абразивті жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

Орнату

1. Жоғарғы әйнекті екі жағынан ұстап артқа қисатып жылжытыңыз. Әйнекті төмен жақтың ойықтарына жылжыту керек. Тегіс беті сыртта, ал бұдыр жағы ішінде болуы керек. (А суреті).



2. Пеш есігінің жоғарысындағы қаптаманы орнатып басып қойыңыз. Шеттеріндегі ойықтар дұрыс тірелуіне көз жеткізіңіз.
3. Пеш есігін қайта орнатыңыз. Ол үшін төмендегі бөлімді қараңыз Пеш есігін орнату.

Әйнектер дұрыс орнатылғаннан соң ғана пешті қайта пайдаланыңыз.

Ақаулық бар болса не істеу керек?

Жиі ақаулықтың себебі болмашы нәрсе болады. Сервистік қызметке қоңырау соқпай тұрып кестеге қараңыз. Мүмкін ақаулықты өз бетіңізше жоя алатын шығарсыз.

Ақаулықтар кестесі

Тамақ онша жақсы болмай шықса, Біз сіз үшін асханада сынақтар өткіздік тарауын қараңыз. Онда тамақты әзірлеу туралы көп кеңестер мен нұсқаулар табасыз.

⚠ Ток соғу қаупі бар!

Білікті емес маманның жөндеуі қауіпті. Жөндеуді тек біздің клиенттерге қызмет көрсететін тәжірибелі техниктердің біреуі ғана орындай алады.

Ақаулық	Ықтимал себеп	Жою/нұсқаулар
Духовка шкафы жұмыс істемейді.	Сақтандырғыш ақаулы.	Сақтандырғыштар блогында сақтандырғыш ақаулы емес екенін тексеріңіз.
	Желіде кернеу жоқ.	Асханада жарық қосылады ма және басқа тұрмыстық құрылғылар жұмыс істеп тұр ма, осыларды тексеріңіз.
Сағат индикаторы жыпылықтайды	Желіде кернеу жоқ.	Сағатты қайтадан орнатыңыз.
Духовка шкафы қыздырмайды.	Түйіспелерге шаңның жиналуы.	Ауыстырып-қосқыш тұтқаларды бірнеше рет алға-артқа бұраңыз.

Назар аударыңыз!

Қуат сымы зақымдалса, оны өндірушінің сервистік қызметі немесе білікті маман ауыстыруы керек.

Қате туралы хабарлар

Дисплей тақтасы **E** бар қате туралы хабарды көрсеткенде  түймесін басыңыз. Хабар кетеді. Орнатылған уақыт функциясы жойылады. Қате туралы хабар кетпесе, техникалық көмек көрсету қызметіне қоңырау шалыңыз.

Келесі қате туралы хабарларды пайдаланушы шеше алады.

Қате туралы хабар	Ықтимал себеп	Шешім/кеңес
E011	Түйме тым ұзақ басылған немесе тұрып қалған.	Түймелердің барлығын бір біреуден басып шығыңыз. Қандай да түйме тұрып қалғанын, жабылғанын немесе лас екенін тексеріңіз.

⚠ Ток соғу қаупі бар.!

Дұрыс емес жөндеу қауіпті болуы мүмкін. Жөндеуді тек техникалық көмек көрсету қызметінің білікті мамандары өткізе алады.


Духовка шкафындағы шамды ауыстыру

Духовкадағы шам күйіп кетсе ауыстыру керек. Жоғары температураларға төзімді, 40 Вт шамдарды сервистік қызметтен немесе арнайы дүкеннен сатып алуға болады. Тек осы шамдарды пайдаланыңыз.

⚠ Ток соғу қаупі бар!

Сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғышты өшіріңіз.

1. Зақымдарды болдырмау үшін салқын духовка шкафына асхана сүлгісін салыңыз.
2. Шыны плафонды сағат тіліне кері бұрап алыңыз.



3. Шамды түрі бірдей шамға ауыстырыңыз.
4. Шыны плафонды бұрап бекітіңіз.
5. Сүлгіні шығарып, сақтандырғышты қосыңыз.

Шыны плафон

Зақымдалған шыны плафонды ауыстыру керек. Жарамды шыны плафондарды сервистік қызметтен сатып алуға болады. Құрылғының құрылғы нөмірін (E-нөмір) және зауыттық нөмірін (FD-нөмір) айтыңыз.

Сервистік қызмет

Егер құрылғыны жөндеу керек болса, біздің сервистік қызмет сіз үшін жасалған. Біз техниктердің қажет емес келулерін болдырмау үшін әрқашан жарайтын шешімді табамыз.

Өнім нөмірі және зауыттық нөмір

Сервистік қызметке қоңырау шалғанда, біз сізге сапалы қызмет көрсете алуымыз үшін өнім нөмірін (E-Nr.) және зауыттық нөмірді (FD-Nr.) хабарлаңыз. Нөмірлер бар үлгілік тақтайша духовка шкафы есігінің бүйірінде орналасқан. Қажет болғанда көп уақыт іздемеу үшін құрылғыңыздың деректерімен сервистік қызмет телефон нөмірін осы жерде жазу мүмкін.

E нөмірі.	Зауыттық нөмір
-----------	----------------

Сервистік қызмет ☎

Құрылғыны дұрыс емес пайдалану жағдайында тіпті көпідік мерзімінде де сервистік қызмет технигінің келуі тегін емес екеніне назар аударыңыз.

Барлық елдер бойынша контакт мәліметтері сервистік қызмет қосымшасында берілген.

Бұйымды өндірушіге сеніп сервис қызмет көрсету орталығына қайрылыңыз. Сервис қызмет көрсету орталығы ғана құралыңыз үшін керекті мамандарды және түпнұсқаулық бөлшектерді таба алады.

Қуатты үнемдеу және қоршаған ортаны қорғау туралы ұсыныстар

Мұнда пісіру және қуыру кезінде қуатты үнемдеу және духовка шкафын дұрыс пайдалану туралы ұсыныстарды табасыз.

Қуатты үнемдеу

- Духовка шкафын рецепте немесе пайдалану нұсқаулығының кестелерінде көрсетілген болса ғана алдын ала қыздырыңыз.
- Пісіру үшін күңгірт, қара, лак жағылған немесе эмальдалған қалыптарды пайдаланыңыз. Олар жылуды өсіресе жақсы сіңіреді.
- Бұқтыру, пісіру және қуыру кезінде есікті мүмкіндігінше сирек ашыңыз.
- Бірнеше пирогты бірінен соң бірін пісірген жөн. Духовка шкафы әлі жылы. Осының есебінен екінші пирогты пісіру уақыты қысқарады. Тікбұрышты пішіні бар екі пирогты қатар қоюға болады.
- Ұзақ уақыт бойы әзірлегенде духовка шкафын өшіруден 10 минут бұрын өшіруге және тамақты дайын күйге жеткізу үшін қалдық жылуды пайдалануға болады.

Экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен утилизациялау

Ораманы экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен утилизациялаңыз.



Бұл құрылғыда 2012/19/ЕО электр және электрондық жабдықты (қоқыс электр және электрондық жабдық - WEEE) утилизациялау туралы еуропалық директиваға сай белгісі бар.

Бұл директива Еуропалық Одақ шеңберінде ескі құрылғыларды қайтару және утилизациялау тәртібін қамтамасыз етеді.

Тасымалдау кезінде орындалатын шаралар

Құрылғыдағы барлық қозғалатын бөліктерді ізсіз алуға болатын лентамен бекітіңіз. Құрылғының зақымдалуын болдырмау үшін жиектерін (мысалы, пісіру табасын) жұқа картон қағазбен ораңыз, сәйкес бөлімдерге салыңыз. Ішкі қабырғаның әйнекке соғылуын болдырмау үшін картон қағазды немесе соған ұқсас нәрсені алдыңғы және артқы әйнек арасына салыңыз. Духовканың есігін жабысқақ лентамен құрылғының бүйірлік қабырғаларына бекітіңіз.

Бастапқы құрылғы орамасын сақтаңыз. Құрылғыны тек бастапқы орамада тасымалдаңыз. Орамадағы көрсеткілерді ескеріңіз.

Бастапқы орама енді жоқ болса

Тасымалдау кезіндегі ықтимал зақымдалудан қорғау үшін құрылғыны қорғағыш орамаға ораңыз.

Құрылғыны тік күйде тасымалдаңыз. Құрылғы есігінің тұтқасын немесе артқы тақталарды ұстамаңыз, өйткені олар зақымдалуы мүмкін. Құрылғыға ауыр заттарды қоймаңыз.

Біз сіз үшін асханада сынақтар өткіздік

Мұнда тамақтардың көп түрін және олар үшін оңтайлы реттеулерді табасыз. Біз таңдалған тамақ үшін қандай қыздыру түрі және қандай температура ең қолайлы екенін көрсетеміз. Қандай құралдарды пайдалану және оларды қандай деңгейге орнату керектігі туралы ақпарат аласыз. Сіз ыдыс және тамақты өзіңізге қолайлы деңгейге орнатуға көмектесетін кеңестер аласыз.

Нұсқаулар

- Кестелерде көрсетілген мөндер тамақта суық және бос жұмыс камерасына орнатсаңыз дұрыс. Алдын ала қыздыруды кестелерде көрсетілген болса ғана пайдаланыңыз. Құралдарға алдын ала қыздырудан кейін ғана пісіруге арналған қағазды төсеңіз.
- Кестелерде көрсетілген уақыт туралы деректер стандартты мөндер болып табылады. Олар өнімдердің сапасы мен қасиеттеріне байланысты.
- Жеткізу жинағына кіретін құралдарды пайдаланыңыз. Қосымша құралдарды сервистік қызметтен немесе арнайы дүкеннен сатып алуға болады. Жұмысты бастамай тұрып барлық артық құралдарды және ыдысты жұмыс камерасынан алыңыз.
- Ыстық құралдарды немесе ыдысты жұмыс камерасынан алғанда әрқашан тұтқыштарды пайдаланыңыз.

Пирогтар және пісірілген нан

Бір деңгейде пісіру

Пирогтар мен торттарды пісіргенде жоғарғы/төменгі қызу режимі  ең жақсы нәтиже береді.

3D ыстық ауа  режимінде пісіргенде құралды келесі биіктікке орнатыңыз:

- Кекс қалыбындағы пирог: 2-сөрелер биіктігі
- Пісіру табасындағы пирог: 3-сөрелер биіктігі

Бірнеше деңгейде пісіру және қуыру

3D ыстық ауа  режимін пайдаланыңыз.

2 деңгейде пісіру және қуыру үшін сөрелердің биіктігі:

- Әмбебап таба: 3-сөрелер биіктігі
- Пісіруге арналған таба: 1-сөрелер биіктігі

Духовкаға бір уақытта қойылған тамақтар міндетті түрде бірдей уақытта дайын болмайды.

Кестелерде әр түрлі тамақтарды табасыз.

Пісіруге арналған қалып

Пісіруге арналған күңгірт металл қалыптар ең жақсы жарайды.

Жұқа материалдан жасалған ашық түсті қалыптарды пайдаланғанда пісіру уақыты артады, ал пирог біркелкі қызармайды.

Егер силикон қалыптарды пайдалансаңыз, өндірушінің сипаттамаларын және рецептерін басшылыққа алыңыз. Жиі силикон қалыптардың өлшемі кәдімгі қалыптардан кішірек болады. Сондықтан олар үшін қамырдың мөлшері мен рецептура аздап басқаша болуы мүмкін.

Кестелер

Кестелерде пирогтар мен пісірілген нандар үшін оңтайлы қыздыру деңгейлерін табасыз. Температура және пісіру уақыты қамырдың мөлшеріне және оның қасиеттеріне байланысты. Сондықтан кестелерде мөндер ауқымы көрсетіледі. Алдымен ең аз мөнді орнатыңыз. Төменірек температурада қызартудың біркелкілігі көбірек болады. Қажет болса, келесі ретте жоғарырақ температураны орнатыңыз.

Духовка шкафын алдын ала қыздырсаңыз, пісіру уақыты 5 - 10 минутқа қысқарады.

Қосымша ақпаратты кестелерден кейін Пісіру туралы кеңестер тарауында табуға болады.

Қалыптағы пирог	Қалып	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура, °C	Уақыт, минут
Кәдімгі май мен сүтке иленген пирог	Пирогқа арналған төрт-бұрышты қалып	2		160-180	55-65
Нәзік май мен сүтке иленген пирог (мысалы, үгілмелі пирог)	Пирогқа арналған төрт-бұрышты қалып	2		155-175	65-75
Бүйірлері үгілмелі қамырдан жасалған шелпек нан	Алынбалы қалып	1		160-180	30-40
Май мен сүтке иленген шелпектер	Жеміс пирогына арналған қалып	2		160-180	25-35
Бисквиттік торттар	Алынбалы қалып	2		160-180	30-40
Жеміс немесе сүзбе торты, май мен сүтке иленген үгілмелі қамыр*	қара алынбалы таба	1		170-190	70-90
Нәзік жеміс пирогы, май мен сүтке иленген қамыр	Алынбалы қалып	2		150-170	55-65
Татымды пирогтар* (мысалы, пісірілген крем қосылған пирогтар/пияз пирогы)	Алынбалы қалып	1		180-200	50-60

* Пирогтарды құрылғыда шамамен 20 минут бойы салқындатыңыз.

Табадағы пирогтар	Құралдар	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура деректері, °C	Уақыт, минут
Үсті құрғақ май мен сүтке иленген немесе ашытылған қамыр	Әмбебап таба	3		160-180	25-35
	Эмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3		150-170	40-50
Жемістер қосылған май мен сүтке иленген немесе ашытылған қамыр	Әмбебап таба	3		140-160	40-50
	Эмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3		130-150	50-60
Бисквиттік рулет (алдын ала қыздыру)	Әмбебап таба	2		170-190	15-20
Бұрама нан, 500 г ұн	Әмбебап таба	2		160-180	25-35
Рождестволық пирог, 500 г ұн	Әмбебап таба	3		160-180	50-60
Рождестволық пирог, 1 кг ұн	Әмбебап таба	3		150-170	90-100
Штрудель, тәтті	Әмбебап таба	2		180-200	55-65
Пицца	Әмбебап таба	3		180-200	20-30
	Эмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3		150-170	35-45

* Екі деңгейде пісіру кезінде әмбебап табаны әрқашан жоғарырақ деңгейге қойыңыз.

Нан және шағын бөлкелер

Ешқашан ыстық духовкаға су құймаңыз.

Егер пісіру туралы басқа нұсқаулар болмаса, әрқашан духовканы алдын ала қыздырыңыз.

Нан және шағын бөлкелер	Құралдар	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура, °C	Уақыт, минут
Ашытқымен жасалған нан, 1,2 кг ұн	Әмбебап таба:	2		270	8
				190	35-45
Ашытқы қосылған нан, 1,2 кг ұн	Әмбебап таба:	2		270	8
				190	35-45
Бөлкелер (мысалы, қара бидай-дан жасалған бөлкелер)	Әмбебап таба:	2		200-220	20-30

Шағын печенье	Құралдар	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура деректері, °C	Уақыт, минут
Печенье	Әмбебап таба	3		150-170	10-20
	Эмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3		130-150	30-40
Безе	Әмбебап таба	3		70-90	135-145
Қайнатылған қамырдан жасалған төтті тоқаш	Әмбебап таба	2		200-220	30-40
Бадам печеньесі	Әмбебап таба	3		110-130	30-40
	Эмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3		100-120	35-45
Қабат-қабат қамыр	Әмбебап таба	3		190-210	20-30
	Эмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3		180-200	30-40

* Екі деңгейде пісіргенде әрқашан әмбебап табаны әрқашан жоғарырақ деңгейге қойыңыз.

Пісіру туралы кеңестер

Өз рецептіңіз бойынша пісіргіңіз келеді.	Пісірілген нан кестесіндегі ұқсас пісірілген нанды басшылыққа алыңыз.
Май мен сүтке иленген пирогтың пісу дәрежесін тексеру.	Рецепт бойынша белгіленген уақыттың өтуінен 10 минут бұрын пирогты ең биік жерінде ағаш таяқшамен тесіңіз. Қамыр таяқшаға жабыспаса, пирог дайын.
Пирог түсіп қалады.	Келесі рет азырақ сұйықтық қосыңыз немесе духовка шкафының температурасын 10 градус төмен орнатыңыз. Рецептте көрсетілген қамырды илеу уақытын сақтаңыз.
Пирогтың ортасы ғана көтерілді, бүйірлері төмен.	Алынбалы қалыптың бүйірлеріне май жақпаңыз. Пісіргеннен кейін пирогты қалыптың қабырғаларынан жайлап бөліңіз.
Пирогтың үсті тым күңгірт.	Пирогты төменірек қойыңыз, азырақ температураны орнатыңыз және пирогты аздап ұзағырақ пісіріңіз.
Пирог тым құрғақ.	Тіс тазалағышпен дайын пирогта шағын тесіктер жасаңыз. Олардың әрқайсысына бір тамшы жеміс шырынын немесе бір алкогольдық сусынын құйыңыз. Келесі рет 10 градус көбірек температураны таңдаңыз және пісіру уақытын азайтыңыз.
Нан немесе пісірілген нан (мысалы, ватрушка) дайын болып көрінеді, бірақ іші піспеген (майлы, шикі қамыр бар).	Келесі рет азырақ сұйықтық қосыңыз және төменірек температурада аздап ұзағырақ пісіріңіз. Шырынды салындысы бар пирогтар үшін алдымен шелпек нанды пісіріңіз. Оған бадам немесе талқандалған кептірілген нан себіңіз, тек содан кейін салындыны салыңыз. Рецептті және пісіру уақытын сақтаңыз.
Пісірілген нан біркелкі қызармайды.	Аздап төменірек температураны орнатыңыз, сонда пісірілген нан біркелкі қызарады. Нәзік пісірілген нанды бірінші деңгейде Жоғарғы-төменгі қыздыру  режимінде пісіріңіз. Сондай-ақ, ауа айналымына пергамент қағазының шығып тұрған жиектері әсер етуі мүмкін. Өрқашан пергамент қағазын табаның өлшемдеріне сай кесіңіз.
Жеміс пирогының төменгі жағы ашық түсті.	Келесі рет пирогты бір деңгей төмен пісіруге салыңыз.
Жеміс шырыны ағады.	Келесі рет, бар болса, тереңірек әмбебап табаны пайдаланыңыз.
Ашытқан қамырдан жасалған шағын бұйымдар пісірген кезде жабысып қалады.	Олардың арасындағы қашықтық шамамен 2 см болуы керек. Сонда пісіріліп жатқан бұйымдар жақсы, барлық жағынан қызаруы үшін жеткілікті орын болады.
Сіз бірнеше деңгейде пісірдіңіз. Жоғарғы табада пісірілген нан төмендегіден көбірек қызарған.	Бірнеше деңгейде пісіру үшін өрқашан 3D ыстық ауа  режимін пайдаланыңыз. Бір уақытта орнатылған табалардағы пісірілген нан міндетті түрде бір уақытта дайын болмайды.
Шырынды пирогтарды пісіру кезінде конденсат пайда болады.	Пісіру кезінде бу пайда болуы мүмкін. Өдетте ол есік арқылы шығады. Бу басқару тасасында немесе маңайдағы жиһазда конденсацияланып, тамшылап ағуы мүмкін. Бұл қалыпты физикалық құбылыс.

Ет, құс, балық

Ыдыс

Кез келген ыстыққа төзімді ыдысты пайдалануға болады. Көп қуырдақ үшін әмбебап таба да жарайды.

Ең дұрысы шыныдан жасалған ыдыс. Қақпақ ыдысқа жарамды болуын және тығыз жабылуын қадағалаңыз.

Қуыру үшін эмальдалған ыдысты пайдаланғанда, міндетті түрде азғантай сұйықтық қосыңыз.

Тот баспайтын болаттан жасалған ыдыста қуырғанда ет онша қызармайды және дайын күйге жетпеуі мүмкін. Өзірлеу уақытын арттырыңыз.

Кестелердегі ақпарат:
Қақпағы жоқ ыдыс = ашық
Қақпағы бар ыдыс = жабық

Ыдысты өрқашан тордың ортасына қойыңыз.

Ыстық шыны ыдысты құрғақ қойғышқа қойыңыз. Қойғыш ылғалды немесе суық болса, шыны сынуы мүмкін.

Қуыру

Майсыз етке азғантай сұйықтық қосыңыз. Ыдыстың түбін қалыңдығы шамамен ½ см су қабатымен жабу керек.

Қуырған кезде жеткілікті сұйықтық мөлшерін қосыңыз. Ыдыс түбін қалыңдығы 1 - 2 см су қабатымен жабу керек.

Судың мөлшері ет сортына және ыдыс материалына байланысты. Етті эмальдалған ыдыста өзірлесеніз, шыны ыдыстан азғантай көбірек сұйықтық қосыңыз.

Тот баспайтын болаттан жасалған ыдыс қуыру үшін онша қолайлы емес. Ет азырақ қызарады және баяуырақ өзірленеді. Оны жоғарырақ температурада және/немесе ұзағырақ уақыт өзірлеңіз.

Грильде өзірлеу нұсқаулығы

Грильде тек духовка шкафының есігі жабық кезде өзірлеңіз.

Торға грильге арналған бөліктерді қоймай тұрып грильді шамамен 3 минут бойы қыздырыңыз.

Грильге арналған бөліктерді тікелей торға қойыңыз. Жеке бөліктер тордың ортасына қойса ең жақсы болып шығады. Бұған қосымша, әмбебап табаны 1-деңгейге қойыңыз. Ет сәлі соған ағады және духовка шкафы тазарақ болады.

Пісіру табасын және әмбебап табаны 4-деңгейге орнатуға болмайды. Жоғары температураларда олардың пішіні өзгеруі мүмкін және алғанда жұмыс камерасын зақымдауы мүмкін.

Мүмкіндігінше өлшемі бірдей грильге арналған бөліктерді таңдаңыз. Осы жағдайда олар қызарады және сәлі қалады. Стейктерді грильде өзірлегеннен кейін ғана тұздаңыз.

Бөліктерді ¾ белгілі бір уақыт өткеннен кейін аударыңыз.

Грильдің қыздыру элементі кезеңді түрде қосылады және өшеді. Бұл қалыпты жағдай. Мұның орын алу жиілігі орнатылған гриль режиміне байланысты.

Ет

Өзірлеу уақытының жартысында ет бөліктерін аударыңыз.

Қуырдақ дайын болғанда, духовканы өшіріңіз және қосымша 10 минут тұрғызыңыз. Бұл ет сәлінің жақсырақ таралуына мүмкіндік береді.

Өзірлеуден кейін сүбені алюминий фольгаға ораңыз және духовкада 10 минутқа қалдырыңыз.

Терісі бар қуырылған шошқа еті үшін теріні айқас түрде кесіңіз, содан кейін қуырдақты терісін төмен қаратып табаққа салыңыз.

Ет	Салмақ	Құралдар және ыдыс	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура °С, гриль деңгейі	Уақыт, минут
Сиыр еті						
Сиыр етінен жасалған қуырдақ	1,0 кг	жабық	2		200-220	120
	1,5 кг		2		190-210	140
	2,0 кг		2		180-200	160
Балық сүбесі, қызғылт	1,0 кг	ашық	1		210-230	70
	1,5 кг		1		200-220	80
Ростбиф, қызғылт	1,0 кг	ашық	1		230-250	50
Стейктер, 3 см, қызғылт		Тор + әмбебап таба	4+1		3	15

Бұзау еті						
Бұзау етінен жасалған қуырдақ	1,0 кг	ашық	1		200-220	100
	1,5 кг		1		190-210	120
	2,0 кг		1		180-200	140

Шошқа еті						
терісі жоқ (мысалы . мойын)	1,0 кг	ашық	1		190-210	120
	1,5 кг		1		180-200	150
	2,0 кг		1		170-190	170
терісі бар (мысалы, жауырын)	1,0 кг	ашық	1		180-200	130
	1,5 кг		1		190-210	160
	2,0 кг		1		170-190	190
Сүйектегі сүрленген төс	1,0 кг	жабық	1		210-230	80

Қой еті						
Сүйегі жоқ қой аяғы, орташа қуырылған	1,5 кг	ашық	1		170-190	120

Фарш						
Ет рулеті	шамамен 750 г	ашық	1		180-200	70

Шағын шұжықтар						
Шағын шұжықтар		Тор + әмбебап таба	4+1		3	15

Құс				Үйректі немесе қазды пісіргенде май ағып шыға алуы үшін қанаттардың астындағы теріні тесіңіз.		
Кестеде берілген мөндер салқын духовкаға салынған тамақтарға қатысты.				Құсты торға төсін төмен қаратып қойыңыз. Тұтас құсты уақыттың үштен екі бөлігі өткенде аударыңыз.		
Кестедегі салмақ деректері қуыратын, ішіне фарш салынбаған құс үшін дұрыс.				Аяқталудан бірнеше минут бұрын май жақса немесе аздап тұз қосылған су немесе апельсин шырынан сепсе, құс жақсы қызарып піседі.		
Тікелей торда қуырсаңыз, әмбебап табаны 1-деңгейге қойыңыз.						

Құс	Салмақ	Құралдар және ыдыс	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура °С, гриль деңгейі	Уақыт, минут
Тауықтың жартысы, 1-4 дана	шамамен 400 г	Тор	2		210-230	40-50
Тауық бөліктері	шамамен 250 г	Тор	3		210-230	30-40
Тауық, тұтас 1-4 дана	шамамен 1 кг	Тор	2		200-220	55-85
Үйрек, тұтас	1,7 кг	Тор	2		170-190	80-100
Қаз, тұтас	3,0 кг	Тор	2		160-180	110-130
Жас күрке-тауық, тұтас	3,0 кг	Тор	2		180-200	80-100
2 күрке-тауық аяғы	шамамен 800 г	Тор	2		180-200	80-100

Балық

Белгілі бір уақыт 2/3 өткеннен кейін балық бөліктерін аударыңыз.

Тұтас балықты аудару қажет емес. Тұтас балықты духовкаға арқа қанатын жоғары қаратып салыңыз. Картоптың жартысын

немесе шағын ыдысты құрсақ қуысына салыңыз, сондаа балық тұрақты тұрады.

Тікелей торда қуырғанда бұған қосымша әмбебап табаны 1 биіктігіне орнатыңыз. Балық сәлі жиналады және духовка тазарақ болады.

Балық	Салмақ	Құралдар және ыдыс	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура °C, гриль деңгейі	Уақыт, минут
Балық, тұтас	300 г	Тор	3		2	20-25
	1,0 кг	Тор	2		190-210	40-50
	1,5 кг	Тор	2		180-200	60-70
Балық тілімдері, мысалы, котлеттер	300 г	Тор	4		2	20-25

Қуыру және грильде әзірлеу туралы кеңестер

Кестеде қуырдақ салмағының мәндері жоқ.	Ең жақын жеңілiрек салмақ параметрлерiн таңдаңыз және көрсетiлген әзiрлеу уақытын арттырыңыз.
Қуырдақ дайын ба, соны тексергiңiз келедi.	Ет термометрiн (оны арнайы дүкенде сатып алуға болады) пайдаланыңыз немесе қасықпен дәмiн көрiңiз. Қасықпен қуырдақты басыңыз. Егер қатты болса, онда ол дайын. Егер қасықпен басылса, онда оны тағы қуыру керек.
Қуырдақ тым күңгiрт, ал қабықшаның кейбiр жерлерi күйiп қалған.	Реттеу деңгейiн және температураны тексерiңiз.
Қуырдақтың сыртқы түрi жақсы, ал соус күйiп кеткен.	Келесi рет өлшемi кiшiрек ыдысты таңдаңыз немесе көбiрек сұйықтық қосыңыз.
Қуырдақтың сыртқы түрi жақсы, бiрақ соус тым ашық түстi және суы көп.	Келесi рет өлшемi үлкенiрек ыдысты таңдаңыз немесе азырақ сұйықтық қосыңыз.
Қуырдақты әзiрлеу кезiнде бу пайда болады.	Бұл қалыпты және физика заңдарына сәйкес. Су буының көп бөлiгi бу тесiктерi арқылы шығарылады. Ол салқын қосқыштар тақтасында немесе маңайдағы жиһаз бетiнде жиналып, тамшылап ағуы мүмкiн.

Көмештер, гратендер, тосттар

Тікелей торда қуырсаңыз,әмбебап табаны 1-деңгейге қойыңыз. Духовка шкафы тазарақ болып қалады.

Ыдысты әрқашан торға қойыңыз.

Көмешті әзірлеу уақыты ыдыстың өлшеміне және көмештің биіктігіне байланысты. Кестелердегі мәндер болжалды болып табылады.

Тамақ	Құралдар және ыдыс	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура, °C	Уақыт, минут
Көмештер					
Тәтті көмеш	Көмеш қалыбы	2		170-190	50-60
Макарон көмеші	Көмеш қалыбы	2		210-230	25-35
Гратен					
Шикі ингредиенттерден жасалған картоп гратені, Ең үлкен биіктігі 2 см	Көмеш қалыбы	2		150-170	50-60
Тост					
Тосттарды қызарту, 4 дана	Тор	4		3	6-7
Тосттарды қызарту, 12 дана	Тор	4		3	4-5
Тосттарды пісіру, 4 дана	Тор	3		3	7-10
Toast, überbacken, 12 дана	Тор	3		3	5-8

Дайын өнімдер

Өндірушінің орамадағы нұсқауларын орындаңыз.

Егер құралдарға пісіруге арналған қағазды төсейтін болсаңыз, қағаздың осы температураға жарайтынын қадағалаңыз. Қағаз өлшемі тамақ өлшеміне сай болуы керек.

Өзірлеу нәтижесі өнімдердің сапасына байланысты. Шикі өнімде қара дақтар және біркелкі емес тұстар байқалуы мүмкін.

Тамақ	Құралдар	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура деректері, °C	Уақыт, минут
Жеміс салындысы бар штрудель	Әмбебап таба	3		190-210	45-55
Фри картобы	Әмбебап таба	3		210-230	25-30
Пицца	Тор	2		200-220	15-20
Пицца-багет	Тор	2		190-210	15-20

Нұсқау

Қатырылған тамақтарды өзірлеу кезінде әмбебап табаның пішіні өзгеруі мүмкін. Себебі құралға температуралардың үлкен айырмашылығы әсер етеді. Пішіннің өзгеруі өзірлеу барысында кетеді.

Арнайы тамақтар

3D ыстық ауа  режимімен бірге төмен температураны пайдаланғанда нәзік йогурт та, жұмсақ ашытқан қамыр да жақсы болып шығады.

Ең алдымен құралдарды, аспалы торларды және телескоптық бағыттауыштарды шығарыңыз.

Йогуртты өзірлеу

- 1. 1 литр сүтті (майлылығы 3,5 %) қайнатыңыз және 40 °C температурасына дейін салқындатыңыз.
- 2. 150 г йогурт (тоңазытқыш температурасы) қосыңыз.

- 3. Тостағандарға немесе твист бангаларға құйып, тағамдық пленкамен жабыңыз.
 - 4. Жұмыс камерасын нұсқауларға сай қыздырыңыз.
 - 5. Тостағандарды/банкаларды жұмыс камерасының түбіне қойып, нұсқауларға сай дайындыққа дейін жеткізіңіз.
- Ашытқан қамырдың көтерілуі**
- 1. Ашытқан қамырды әдеттегі рецепт бойынша дайындаңыз, ыстыққа төзімді керамикалық ыдысқа салыңыз да, жабыңыз.
 - 2. Жұмыс камерасын нұсқауларға сай қыздырыңыз.
 - 3. Духовка шкафын өшіріп, қамырды жұмыс камерасына көтерілуге қойыңыз.

Тамақ	Ыдыс		Қыздыру түрі	Температура	Уақыт
Йогурт	Тостағандар немесе твист банкаларды	жұмыс камерасының түбіне қойыңыз		50 °C температурасына дейін қыздыру 50 °C	5 мин. 8 сағ.
Ашытқан қамырдың көтерілуі	Ыстыққа төзімді ыдыс	жұмыс камерасының түбіне қойыңыз		50 °C температурасына дейін қыздыру Құрылғыны өшіріп, ашытқан қамырды жұмыс камерасына қойыңыз	5-10 мин. 20-30 мин.

Еріту

Еріту уақыты өнімдердің түрі мен мөлшеріне байланысты. Орамадағы өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

Өнімдерді орамадан шығарыңыз, қолайлы ыдысқа салыңыз және торға қойыңыз.

Құсты төрелкеге төсімен салыңыз.

Қатырылған өнімдер	Құралдар	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура
мысалы, қаймақты торттар, сарымайлы кремдік торттар, шоколад немесе қанттық глазурьды торттар, жемістер, тауық, шұжық пен ет, нан, тоқаштар, пирог және басқа бұйымдар	Тор	2		Температура реттегіші бөлсенді болып қалады

Құрғату

3D ыстық ауа  режимі құрғату үшін тамаша жарайды.

Тек бүлінбеген жемістер мен көкөністерді пайдаланыңыз, оларды мұқият жуыңыз.

Оларды жақсылап сүртіңіз немесе құрғатыңыз.

Әмбебап табаға қағаз немесе пергамент қағазын төсеңіз.

Өте шырынды көкөністерді және жемістерді бірнеше рет аудару керек.

Құрғатудан кейін дайын көкөністерді немесе жемістерді бірден қағаздан алыңыз.

Жемістер мен шөптер	Құралдар	Деңгей	Қыздыру түрі	Температура	Уақыт
600 г дөңгелек алма	Әмбебап таба + тор	3+1		80 °C	шамамен 5 сағ.
800 г алмұрт бөліктері	Әмбебап таба + тор	3+1		80 °C	шамамен 8 сағ.
1,5 кг алқоры немесе қара өрік	Әмбебап таба + тор	3+1		80 °C	шамамен 8-10 сағ.
200 г аспаздық шөптер, жуылған	Әмбебап таба + тор	3+1		80 °C	шамамен 1½ сағ.

Консервілеу

Консервілеу кезінде банкалар мен резеңке сақиналар таза және ақаусыз болуы керек. Банкарлардың көлемі мүмкіндігінше бірдей болуы керек. Кестелерде келтірілген мәндер дөңгелек бір литрлік банкарлар үшін дұрыс.

Назар аударыңыз!

Тым үлкен және биік банкарларды пайдаланбаңыз. Әйтпесе қақпақтар жарылуы мүмкін.

Тек бүлінбеген жемістер мен өнімдерді пайдаланыңыз. Оларды мұқият жуыңыз.

Кестелердегі уақыт мәндері шамамен берілген. Оларға бөлме температурасы, банкарлардың мөлшері, олардың құрамының массасы мен жылуы әсер етуі мүмкін. Температураны ауыстыру немесе құрылғыны өшіру алдында банкарлардағы көпіршіктер пайда болып жатқанына көз жеткізіңіз.

Дайындау

- 1. Банкарларды толтырыңыз, бірақ ернеулеріне дейін емес.
